

Жер участкісіне жария сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы Қамысты ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 11 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, аудан әкімі Қамысты ауданы әкімдігінің Қамысты ауылдық округі ШЕШТІ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне "Газ құбырын тарту және пайдалану" мақсатында Қамысты ауданы, Қамысты ауылдық округі, Ливановка ауылы аумақта орналасқан 7,2 га (9000 метр x 2 x 4 метр / 10000 = 7,2 га) жер участкелеріне қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің Қамысты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қамысты ауданы әкімдігінің Қамысты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелерін электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республиканың Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет желілеріне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

A. Тлеубергенов